

АҚ «Астана Медициналық Университеті»

Презентация

Тақырыбы: Гипертониялық криз.

Орындаған: Қыдырбаев.С

Топ: 303 стом

Қабылдаған: Калиева. А

АСТАНА 2016ж

Жоспар

1.Кіріспе

2.Негізгі бөлім

- Гипертониялық криз
- Клиникалық белгілері
- Симптомдары
- Түрі
- Алғашқы көмек

3.Қорытынды

Гипертониялық криз

Гипертониялық криз деп нерв жүйесінің, қан айналымының бұзылыстарға ұшырап, әртүрлі гуморалдық әсерлердің нәтижесінде қан қысымының кенеттен көтеріліп кетуін айтады. Бұндай бұзылысқа жетелейтін жәйсіз жағдайлар мыналар:

1) науқастың нерв және психикалық жүйесінің зорығуы 2) көп мөлшерде арақ ішу 3) егер қан қысымын түсіретін дәрілерді рұқсатсыз тоқтатып тастатса

4) ауа райының кенеттен өзгеруі 5) клиникада гипертониялық криздің 5 түрі болады. Оның ішінде жиі кездесетіндері: гипертониялық криз, кардиалды криз, мидың ангиогипертониялық және ми қантамырларының қыспасынан т.б. зиянды әсер пайда болатын криздар.

Клиникалық белгілері

Жаңа басталып келе жатқан кезде науқас мазасызданады. Жүрек соғуы жиілейді, науқас түрегеліп отыруға мәжбүр бола бастайды. Ауа жетпей жүрегі қысылады. Басы қатты ауырады. Кейін жүрегі айнып құсқысы келеді, тіпті құсуы да мүмкін. Науқастың тілі күрметіліп, сөздері түсініксіздеу бола бастайды. Науқастың қан қысымы қатты көтерілгені байқалады. ЭКГ тексергенде QRS тісшесінің кеңейгенін, ST сегментінің төмен түскенін, оның терістігін байқауға болады.

Гипертониялық криздің СИМПТОМДАРЫ:

- диастоликалық артериалды қысымның 110-120 ммсынбағанан жоғары көтерілуі;
- қатты бас ауыру, әдетте желке тұсында;
- самайдағы тамыр бүлкілдеуі;
- ентігу (жүректің сол қарыншасына түсер жүк күшейгендіктен);
- жүрек айнуы немесе құсу;
- көру бұзылыстары (көз алдындағы “кіреукелену”, көру өрісінің ішінара жоғалуы мүмкін);
- тері жамылғыларының қызаруы;
- төс астында қыспалы аурудың пайда болуы ықтимал;
- қозу, ызалану.

Криздің екі түрі ажыратылады.

Бірінші типтегі криз (гиперкинетикалық) көбіне артериалды гипертензияның ерте сатыларында байқалады. Бұған жедел басталу, көбіне систоликалық АҚ-ның артуы, тамыр соғысының жиілеуі, “вегетативтік белгілердің” молдығы тән.

Екінші типтегі криз (гипокинетикалық) әдетте АҚ-ның жоғары деңгейі фонында кеселдің соңғы сатыларында дамиды, милық және жүректік симптомдармен бірге біртіндеп даму (бірнеше сағаттан 4-5 күнге дейін) және ауыр ағым тән.

Гипертониялық криздегі алғашқы көмек

- науқасты төсекке жатқызу (бас жағын жоғары етіп);
- толық физикалық және психикалық тыныштық жасау;
- дәрігер келгенше әрбір 15 минут сайын артериалды қысымды және жүректің жиырылу жиілігін (ЖЖЖ) бақылау;
- АҚ-ды төмендететін емді шұғыл бастау (үйде, жедел жәрдем көлігінде, аурухананың қабылдау бөлімінде);
- жоғары АҚ фонында тахикардия байқалса селективті емес бета-адреноблокаторлар тобының препараттары (пропранолол) ұсынылады;
- криздің бетін ықпалды қайтару үшін каптоприл қолданылады, әсіресе анамнезінде кардиосклероз, жүректік тапшылық, қант диабеті болса;
- нифедипинді жүктілік фонында, қосымша бүйрек және бронх-өкпе жүйесінің кеселдері болғанда қолданады;
- алаңдатушы процедуралар:
- желкеге, белге және аяққа қыша;
- қатты бас ауруында басқа салқын қою;
- ыстық аяқ ванналары.

Назарларыңызға рахмет!!!

